

Асан ХУДОЯРОВ,  
«Застава тарландары»  
Республикалық қоғамдық  
бірлестігі Қызылорда облысы  
бойынша филиалының төрағасы:

## ШИРЕК ҒАСЫРЫМ ЕЛІМІЗДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ТҰТАСТЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖОЛЫНДА ӨТТІ



Ел шетіне жау тисе, алынбас камалдай алып бекініс бар. Ол – шекара. Үстінен құс ұшырмайтын, астынан жәндік жыбырлатпайтын саптағы сарбаздар – қай кезде де елдің қорғаны. Жауға салса, алдаспандай кезіккенін киіп өтетін қазақы мінез жауынгерлер күннің аптап ыстығы мен қытымыр аязына қарамастан шекара шебінде ел қорғап жүр.

Ал биыл – ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Қызылорда облысы бойынша департаментіне – 25 жыл. Ширек ғасырда кара орман қазақтың тыныштығын кірпік қақпай күзетіп жүрген жігіттердің еңбегінің ерен екенін ел біледі. Бүгінгі санда біз жауынгерлердің жай-күйін біліп, олардың бүгінгі тіршілігіне көз жүгірттік.

Ерлердің еңбегін тілге тиек еткен арнаулы бетінде «Застава тарландарының» төрағасы Асан Худояровпен сұхбаттастық.

«Шекарашы болу – асқан жауапкершілікті талап ететін қызмет түрі. Ширек ғасырдан астам өмірім Отан игілігі жолында еліміздің қауіпсіздігі мен тұтастығын қамтамасыз ету жолында өтті. Шекара әскерінде өткен әрбір күн мән-мағына мен мақсатқа толы болды. Шекара әскери бөлімнің оркестрі пайда болған 1999 жыл есімде. Сол күндері жиналған әскери оркестрге қажетті аспаптар, ноталар жалпы парад керемет өту үшін қажет нәрсенің бәрі болды. Әскери оркестр ашқасы келген полковник Нечетиннің аынта-жігері бәрімізді шабыттандырды», – деді әңгіме арасында ол.

3-БЕТТЕ



# Ақмешіт

14 қыркүйек  
сенбі  
№73 (2083)  
2024 жыл

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

## апталығы

## КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНЫ: мерей – үстем, мәртебе – биік

Тұлпар шанса, тұяғы тозатын, құс ұшса, қанаты талатын Алтай мен Атырау арасындағы ұланғайыр атырапта жануардың тектісі – жылқының үстінде еркін өскен қазақ баласының биыл дүниежүзілік көшпенділер ойынын ұйымдастырып жатқанын айтып, бөркімізді аспанға ата мақтандық. Әрине, қанымызға сіңген дағды мен қасиет біздің аспанға атқан малақайымыздың таяу маңда төмен түспейтінін сездірсе керек. Алақайымыздың жақын маңда басылмайтынына сендірсе керек. Ә дегеннен қарсыластарға көкпен қарадық, әрбір күнімізді сәттілікке баладық. Ал күні кеше осы байрақты бәсекеде кімнің бәсі биік болды, кімнің жолы болмады, жалпы қоржындағы олжаны санадық.



Көшпенділер ойынына 100-ден астам мемлекеттен 4000-ға жуық спортшы қатысты. Сарыарқаның сайын даласында 100 мыңдаған турист Еуразияның кіндігіндегі айбынды Астанадағы жетістіктерімізді көрді. Ат спорты, ұлттық күрес, садақ ату, жамбы ату, дәстүрлі интеллектуалды ойындар, саятшылық өнер, арқан тарту сынды ойынның 20 түрінен, ғасырлар бойы халқымызбен біте қайнасып келе жатқан ұлттық өнердің 10 түрінен арнайы көрсетілім сайысы өтті. Айтпақшы, бір күнде 30 мың келушіні қабылдайтын этноауылда Қазақстан мен әлем

елдерінің үздік колөнер шеберлерінің көрме-жәрмеңкесі, шеберлік сабақтары, ақындар айтысы мен төл мәдениетімізді паш ететін қосымша іс-шаралар ұйымдастырылды. Бұл іске Сыр өнерпаздары да атсалысып, ауқымды шараның ойдағыдай өтуіне үлес қосты. Сонымен, дүниежүзілік көшпенділер ойынында көш бастаған кім? Бізге жеңіс сыйлаған 114 медальді тарқатып айтсақ, 44 алтын, 33 күміс пен 37 қола медальға қол жеткіздік. Бізден кейінгі орында Қырғызстан 64 медальмен қоржынын толтырса, Ресей 46 медальға ие болды. Төртінші орынға табан

тіреген Озбекстаннан кейін түркиялықтар 6 медальді қанағат тұтты.

Осындай көтеріңкі көңіл күймен V дүниежүзілік көшпенділер ойынының жабылу салтанаты да жоғары дәрежеге қтті. Қазақ эстрадасының жарық жұлдыздары, «Наз» мемлекеттік би театры және Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясы, «Қамбарқан» фольклорлы-этнографиялық ансамблі (Қырғыз Республикасы) және «Меломен» тобы қатысты.

«Ақмешіт-ақпарат»

## МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫЛАР ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ

«Тәрбие басы – тал бесік» деген қазақ даналығы. Халқымыздың сан ғасырдан бергі тәлім үлгісін айшықтаған ерекше іс-шаралардың бірі «Отбасы орталығында» «Мықты отбасы – мықты мемлекеттің кепілі» деген атпен өтті. Мұнда өңірдегі мерейі үстем, мәртебесі биік отбасылар құрметке бөленді. Оған азаматтық қоғам өкілдері, қоғам белсенділері және жас отбасылардың қатысуымен ерекше іс-шара ұйымдастырылды.



Жиында сөз алған қалалық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Айдын Бөкенбайұлы азаматтық қоғам өкілдері мен қоғам белсенділерінің арасындағы бейбіт тірлік пен берекелі бірліктің, жарқын болашаққа деген сенімнің ұйытқысы болып, отбасының түтінін түзу ұшырып, ел болашағы – жас ұрпақты тәрбиелеуде мұндай отбасылардың маңызы жоғары екеніне тоқталды.

Салтанатты шарада жас отбасы, 10, 15, 50 жыл бір шаңырақ астында жарасым құрған отбасыларға қала әкімінің құттықтауы табысталып, сый-сияпат көрсетілді.

Сондай-ақ, алтын той, күміс той иелері жастарға сан-салалы қызметте еңбек етіп, отбасының ынтымағы мен тыныштығын сақтау, қызмет пен ұрпақ тәрбиесін қатар алып жүрудің қыр-сырын айтып, отбасының қызықты оқиғаларымен бөлісті.

«Ақмешіт-ақпарат»

Бүгінде балабақша көп болғанмен уақыты шектеулі. Бұл жұмысбасты ата-анаға тиімсіз екені рас. Ал демалыс күндері шаруасы шығып, баласын сеніп тапсыратын адамы жоқ жандар үшін қиынның-қиыны. Енді бұл мәселе емес. Себебі қалада баланды сеніп тапсыратын арнайы орталықтар ашылуға. Бүгінде мұндай орталықтарға көпшілік сұранысы артақ. Осындай қажеттіліктің орнын толтыру мақсатында қала тұрғыны, әлеуметтік кәсіпкер, қолбалалы ана Салтанат Алмағамбетова қала орталығынан «Сағаттап бала қарау» орталығын ашқан.

## «САҒАТТАП БАЛА ҚАРАУ»: АТА-АНАҒА КӨМЕК БОЛҒАН ОРТАЛЫҚ

Кәсіп иесі биыл «Мансап» орталығына өтінім беріп, 1 млн 476 мың теңге мемлекеттік грант қаражатын ұтып алған болатын. – Мемлекеттік қолдаудың арқасында биыл осы орталықты аштым. Қолбалалы ана болғандықтан мұндай қиындық менің басымнан да өтті. Балаларымды қалдыратын қауіпсіз жер таппаған соң барлығын ізіме ертіп жүретінмін. Сондай кезде бірер сағатқа баланы тастап кететін орталық ашсам деген идея келді. Бұған дейін жеке оқу орталығын ашқанмын. Ал жаңа орталықты ашу үшін көп ізденіп мемлекеттің қолдауына жүгінуді жөн көрдім. Соның

нәтижесінде осы орталық ашылды. Орталықтың көмегіне жүгінгендер көп. Қазіргі таңда 10 адамды жұмыспен қамтып отырмын. Біздің орталық 24/7 сағат демалыссыз жұмыс істейді. Алты айлық баладан бастап қабылдаймыз. Ата-аналар онлайн камера арқылы балаларын бақылай алады. Бұл жерде асхана жоқ. Орталық тарапынан балаларға тамақ беру қарастырылмаған. Тек баланың қауіпсіздігіне, тазалығына жауап береміз, – дейді орталық басшысы.

Орталықта 4 бейнекамера орнатылған. Бөлме іші талапқа сай безендірілген. Сапалы ойын-



шықтар, балаға керекті құрал-жабдықтар да жеткілікті.

Орталыққа балаларын үнемі сеніп қалдыратын тұрақты ата-аналар да бар екен. Соның бірі – Бакыт Сухановамен тілдескен едік.

– Мен осы орталықтың ашылғанына қуандым. Себебі мен медициналық колледжде оқимын. Сабағым кешкі уақытта өтеді. Баланы қайда тастаймын деп қиналатынмын. 1 қыркүйектен бері осы орталықтың көмегіне сүйенемін. Арасында бейнекамералармен бақылап отырамын. Қазір еш-

қандай уайымсыз сабаққа барып келемін. Бұл жердегі қызметкерлер өте мейірімді. Ана үшін баланың сенімді қолда болғаны маңызды ғой. Сол үшін орталық қызметкерлеріне алғысым шексіз, – дейді жас ана.

Заман талабына сай бейімделген орталықтың ашылғанына аз ғана уақыт болса да, келушілердің саны толастамай тұрғаны байқалды. Кәсіпкердің ендігі мақсаты – орталықты кеңейтіп, бала санын арттыру.

Ғайһар  
АСҚАРҚЫЗЫ

# ОҚУ ОРДАСЫНДА ЖАҢАШЫЛДЫҚ БАР

Өңірдегі іргелі оқу орны – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде тың бастамалар жетерлік. Оқу процесін тәжірибемен ұштастырған білім ордасындағы ілкімді істерге баспасөз турында көз жеткіздік.

Осыдан бір жыл бұрын Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті Оңтүстік Кореяның Сеул ұлттық ғылым және технологиялар университеті (SEOULTECH) «Luric» бағдарламасы аясында Қазақстанда ақпараттық технологиялар саласын дамыту туралы келісім жасап, жасанды интеллект институты ашылды.

Бұл институт жастардың зейінін ашып, білімге деген қызығушылығын арттыруда. Яғни оқу орнында Сеул ұлттық техникалық университетінің қаржыландыруымен жаңа үлгідегі 190 компьютер, 8 сервер және 5 зертханалық аппарат жабдықталмақ. Сондай-ақ студенттер орыс және қазақ тілдерінен бөлек, ағылшын, корей тілдерінде білім алып, қос диплом бағдарламасы бойынша 2 жыл Қазақстанда, қалған 2 жылдық оқуын Сеулде тәмамдайды. Осылайша келер жылы Сеул ұлттық ғылым және технологиялар университетімен «AI architect», «Data management» білім беру бағдарламалары бойынша қос дипломды алатын бағдарламалар басталмақ. Ол үшін жастар шетелдік профессорлардың тілін түсіну үшін ағылшын тілін жетік меңгеруі тиіс. Егер жастардың ағылшын тілі орташа деңгейде болса, 4 жылдық оқуын Қорқыт ата университетіндегі жасанды интеллект институтында ғана оқиды. Жалпы (SEOULTECH) «Luric» бағдарламасы келешек ұрпақтың тіл біліктігін арттырып қана қоймай, ел көруге, сұранысқа ие мамандардың қатарында болуға мүмкіндік береді.

Биыл жасанды интеллект мамандарын 4 бағыт, яғни «Информатика», «Киберқауіпсіздік», «Компьютерлік бағдарламалау және бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу», «Ақпараттық жүйелер» білім беру бағдарламасы бойынша даярлау үшін республика бюджетінен 100 грант бөлінген. Оның ішінде 100 баланың 27-сі өзге қалалардан келген. Жылда жасанды интеллект саласының жағдайы өзін тәжірибесін байқатып ғылыми жұмыстардың барысымен таныстырды.

– Ең бірінші кезекте ғылыми жұмыстардың барысында дәлелденген теорияларды ғана роботтарға орналастырамыз. Осылайша мобильді роботтар немесе дрондарды автономды басқарумен айналысамыз. Автономды басқару деп пилотсыз жасанды интеллект көмегімен басқаратын роботтарды айтамыз. Жалпы біздің миссиямыз адамның еңбегін азайтып, барлығын автоматтандыру, – дейді жас ғалым Оралбек Абдуллаев.

Ғалымның айтуынша роботтар пластиктен жасалғанымен оның басты миына, яғни ақпараттық өздері енгізетінін жеткізді.

Жас ғалымдардың ғылыми жобаларының ішінде Алисаға ұқсас Айдос жобасында жүзеге асырса, енді жасанды интеллект арқылы адамның іс қимылына қарап өтірік пен шындықты ажырататын камера түрін енгізген.

Өзге елдің жасанды интеллектке қызығушылықпен қарайтын жастар үшін өз елімізде де қолжетімді болып, жастардың екі елде де білімін жетілдіруге мүмкін бермек. Бұл туралы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті жасанды интеллект институтының директоры Нұрлан Құлмырзаев ашып айтты.

– Пилоттық жүйе өткен жылы басталғанымен, ресми түрде биыл енгізілді. Десе де пилоттық жүйе



Басқа өңірден келіп Қорқыт ата атындағы университетінің (SEOULTECH) институтына оқуға түскен Гадильшин Жан Хамитұлы не себепті бұл оқу орында таңдағанын айтып берді.

– Мен Қорқыт ата атындағы университеттің (SEOULTECH) институтындағы ақпараттық қауіпсіздік мамандығын таңдап, оқуға түстім. Бұл оқу орында таңдаған себебім, университет бізге шетелде білімімізді жетілдіріп, жаңа инновацияларды меңгеруге үлкен мүмкіндік береді. Ал ақпараттық қауіпсіздік мамандығын таңдауымның себебі, қазір қоғамда түрлі ақпарат жүйелері көп болғандықтан олардың қауіпін де артуда. Алайда басты мақсатым – келешекте еліміздің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, – дейді студент.

Иә, расымен университеттің қазіргі көрінісі шетелдің оқу орындарынан кем емес. Себебі университет күрделі жөндеуден өтіп қана қоймай,

– осы кері әсер ету процесін төмендету. Жалпы біз қоғамдағы бактерия түрлі жұқпалы ауруларға қарсы белсенді заттар дайындап зерттеулер жүргіземіз. Ал экология бағытына тоқталсам, біздің жеріміз мұнай өндіретіндіктен топырақтар ластанады. Соны тазарту үшін әрі қоршаған ортаға зиян келтірмейтін әдістерді қолданамыз, – дейді зерттеуші профессор Нұрбол Аппазов.

Мұнан соң БАҚ өкілдері университеттегі Мәделхан Нәлібаев атындағы су шаруашылығы музейінің

жұмысымен танысты.

Барлығымызға белгілі су шаруашылығы – өзекті мәселенің бірі. Әсіресе су шаруашылығы мамандығын күрделі мамандықтың бірі екенін, әрі мамандардың тапшы екенін, су шаруашылық және жерге орналастыру білім беру бағдарламасының жетекшісі Бауыржан Отарбаев мәлімдеді.

Бауыржан Отарбаевтың айтуынша қазіргі таңда су шаруашылығы мамандығы бойынша кафедрада 80 шәкірт ресурстарды пайдалану және миллирация бағыты бойынша білім алуға. Оларға 3 профессор, яғни ғылым докторлары мен 8 кандидат қызмет көрсетеді. Мұнда студенттер дәріс алумен шектелмейді, өндіріс орындарындағымен байланыс орнатып, су тапшылығы мәселесін шешу үшін ғылыми бағдарламаларға да қатысады. Осы бағдарламаларға қатысу барысында өткен жылы мемлекеттен 570 млн қаржылай көлемде грант ұтып алған.

Биыл 5 гектар жерді құрайтын Қорқыт ата университетінің ботаникалық бағына жүргізілген күрделі құрылыс аяқталып, ел игілігіне берілмек. Оның ішінде 4 гектар жеріне әртүрлі жеміс ағаштары өсіріліп, тұрғындардың демалыс орындарына айналды.

– Жылжымай университеттің қолдауымен салынды. Ол 800 шаршы метрді құрайтын екі блоктан тұрады. Қазір жылжымай қиярдың 3 буданы мен қауынның 1 буданы сынақтан өтуде. Мұндағы басты мақсат әртүрлі дақылдардың будандарын сынақтан өткізу. Келешекте көк шөптерді, яғни зелендымен қамтамасыз етіп, соны көбейтіп, ғылыми жобалар ұсынып, – дейді ботаникалық бақ және жылжымай шаруашылығының директоры Самалбек Қосанов.

Қазіргі таңда жылжымай жұмыстарын жүргізуге арнайы қызметкерлер жұмылдырылған. Жалпы, ботаникалық бақ қалаға көрік беретін орын ғана емес, «Биология және агрономия» білім беру бағдарламалары бойынша студенттерінің тәжірибе алуына үлкен мүмкіндік бермек.

Бұдан бөлек Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде жатақхана мәселесі де шешімін тапты. Жаңа оқу жылында заманауи үлгіде салынған, 300 орындықты құрайтын «Иңкәр» жатақханасы жастардың қолданысына берілді. Онда қосымша демалыс орны, компьютермен жабдықталған бөлме мен кір жуатын орын бар. Бүгінде жатақханаға 180 студент орналасып үлгерген.

Сондай-ақ студенттерге орен спрсе форматындағы заманауи үлгіде кітапханаға да өзгерістер енгізілген.

– Биыл біздің университет Біріккен ұлттар ұйымының тұрақты даму мақсаттары бойынша алғаш рет Times Higher Education әлемдік жоғары оқу орындарының рейтингінде алғашқы орындарға орналасты. Алғаш рет UI GreenMetric халықаралық рейтингіне енді. Университеттің 20 білім беру бағдарламасы республиканың үздік үштігіне кірді. Мұның барлығы біз үшін үлкен жетістік. Мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдаудың арқасында және өңірлерге бөлінген гранттар мен арнайы квоталар біздің материалдық-техникалық базалардың жақсаруына да әсерін тигізді. Мәселен осыдан 4-5 жыл уақыт бұрын біздің студенттердің контингенті 5000 болса, биыл 10500-ге жетті. Осы студенттердің 4900-і мемлекеттік грант негізінде білім алады. Біздің басты мақсатымыз – студенттерге сапалы білім берумен қатар оларға мотивация беріп, білім алушылардың қызығушылығына сай қолайлы жағдай жасау, – деді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің басқарма төрағасы-ректор Бейбітқұл Қарімова.

Айта кетейік, алдағы 5 жылдың ішінде (SEOULTECH) өзінің франшизасын беруді жоспарламақ, осылайша Қорқыт ата атындағы университеттің ішіндегі институт емес, өз алдына (SEOULTECH) институтқа айналмақ.

Нәзира МҰКАТАЕВА

## «СОЦИС-А» зерттеу қорытындысын жасады

«СОЦИС-А» кешенді әлеуметтік зерттеулер институты – Астана» жеке қоры КЭЗИ ҚК 2024 жылғы 11-12 қыркүйек аралығында халық арасында телефон арқылы сауалнама жүргізді.

Аталған сауалнама ҚР заңнамалық нормаларын сақтай отырып жүргізілгені, атап айтқанда, референдум өткізу мерзіміне қарсы қоғамдық пікір өлшемін жүргізу туралы ҚР ОСК хабардар етіліп, оған ҚР ОСК-сы 11.09.2024 ж. №3Т-2024-05252908 хатпен жауап бергені атап өтілген. Оған 17 облыстан және республикалық маңызы бар Астана, Алматы және Шымкент қалаларынан 18 жастан асқан азаматтар қатысты.

Ал сауалнама ауқымы 1000 респондентті қамтыды. Сауалнама анкетасында «Сіз АЭС салу бойынша референдумға қатысасыз ба?», «Қазақстанда АЭС салу туралы қандай ақпарат сізді қызықтырады?» және «Сіз Қазақстанда АЭС салуға келісесіз бе?» деген сұрақтар қойылған.

Сауалнама қорытындысында қатысушылардың 35,6 пайызы «Міндетті түрде барамын» деп жауап берсе, «Мүмкіндігінше баруға тырысамын» деген жауапты қатысушылардың 20,2 пайызы жауап берген. Осылайша, сауалнамаға қатысқан әрбір екінші адам референдумға баруға дайын екендігін көрсетті.

Сауалға қатысқандардың оннан бір бөлігінен астамы «референдумға қатыспаймын» деген жауап берген. Бұл жалпы қатысушылардың 12,2 пайызын құрайды. Алдың ала болған жағдайда, референдумға қатысу/қатыспау туралы «әлі бір шешімге келмеген» респонденттердің үлесі жоғары болды. Бұл бағыт – 16,6 пайыздық көрсеткіште тұрақтаған.

Сауалнамаға қатысқандардың 13,6 пайызы «бұл жаңалықты бірінші рет естіп отырмын» деген мәнде жауап берген. Яғни, олар атом электр станциясын салу мүмкін деген жаңалықты бірінші рет естіп отыр. Респонденттердің аз бөлігі, яғни 1,8 пайызы бұл сұраққа «жауап беруге киналамын» деп көрсеткен.

«Қазақстанда атом электр станциясын салу туралы қандай ақпарат сізді қызықтырады?» деген сұрақта пікірлер эмоционалды ұстанымнан бастап толығымен прагматикалық

дәлелдерге дейін құбылады. Мәселен, «азаматтардың денсаулығына әсер етуі ықтимал» және «экологияға әсер етуі ықтимал» деген эмоционалды пікірлері бар жауаптарды таңдау тиісінше 59,5% және 54,1% құралады. Бұл, ең алдымен, желіде АЭС салу ықтималдығы туралы алғашқы ақпарат пайда болған сәттен бастап мұндай жобалардың қауіптері туралы әртүрлі пайымдар тарала бастағандығына байланысты болуы мүмкін.

Айта кету керек, сауалнамаға қатысқан халық АЭС-те қауіпсіздікті қамтамасыз етудің нақты шаралары бойынша прагматикалық ойлар айтқан: «Апаттардың алдын алу жөніндегі қауіпсіздік шаралары» (43,1%); «Радиоактивті қалдықтарды басқару» (24,9%); «Қадрлық әлеует» (16%).

«Сіз Қазақстанда атом электр станциясын салуға келісесіз бе?» деген сұраққа келісетіндердің үлесі 60,4 пайызды құрады. Сауалнамаға қатысқандардың 30,1 пайызы АЭС салу идеясын қолдамайды. Әрбір оншыны адам (9,5%) атом электр станциясының құрылысына қатысты сұраққа жауап беруден бас тартқан.

Зерттеудің жалпы қорытындысы бойынша, респонденттердің 55,8 пайызы өз азаматтық ұстанымын көрсетуге және АЭС салу мәселесіне қатысты дауыс беруге ниет танытты. АЭС құрылысын қолдаушылардың үлесі – 60,4 пайыз.

Жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижесінде әрі қарай жария түсіндіруді талап ететін экологиялық және техникалық қауіпсіздік критерийлерінің контурғы межеленді. Атап айтқанда, халық денсаулығының қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау, сондай-ақ құрылыстың техникалық жағы және атом станциясының болашақ жұмысшыларының кадрлық құрамының кәсібилік деңгейі туралы алаңдайды.

«Ақмешіт-ақпарат»

## ТЕҢІЗ ТЕКТІ ТҮЛҒА атты жазушы-журналистер арасында шығармашылық байқау өтеді.

### Ережесі

КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері Әбдіжәміл Нұрпейісовтің 100 жылдық мерейтойына орай «ТЕҢІЗ ТЕКТІ ТҮЛҒА» атты жазушы-журналистер арасында шығармашылық байқау өтеді.

Байқау қаламгерлердің шабытын ыңдау мақсатында Арал аудандық әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылады.

### 1. Байқаудың мақсаты:

– Ұлт тарихын түгендеп, елдік және ерлік дәстүрді қаламына арқау еткен жазушының ғибратты ғұмырын, шығармашылығын насихаттау;  
– Жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің бекзада болмысын, өнегелі өмір жолы мен даналығын жастарға үлгі ету;

– Әлем таныған Әбе туралы естеліктер мен ойлы оқиғаларды, мазмұнды материалдарды жинақтау;  
– Жазушы-журналистер арасындағы шығармашылық байланысты арттыру.

### 2. Байқаудың шарттары:

– Қаламгерлер додасына еліміздегі барлық БАҚ журналистері мен жазушылар қатыса алады;  
– Долаға әртүрлі жанрдағы шығарма ұсынуға болады. Материал бағытын қаламгер өзі таңдайды;  
– Байқауға қатысушылардың жасына шектеу қойылмайды;  
– Байқауға қаламгер бір шығарма ғана ұсына алады;  
– Материалдың көлемі 7-10 бет. Шығарма 10 беттен асып кетпеуі тиіс;  
– Шығармалар электрондық нұсқада Microsoft Word форматында 14 кегльмен, 1,5 интервалмен, Times New Roman қарпімен ғана қабылданады;

– Байқауға бұған дейін ешбір газетте, журналда, кітапта, электронды ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде жарияланбаған, басқа байқауларға жіберілмеген жаңа шығарма ұсынылады;

– Байқауға қатысушы тілші өзінің толық аты-жөнін, мекенжайын, қысқаша өмірбаянын, телефон нөмірін, сапалы суреті мен шығармасын tokyun\_gazeta@mail.ru электронды пошталына немесе 8-705 824 74 32 WhatsApp нөміріне #Байқауға хэштегімен жазып жібереді.

### 3. Байқаудың мерзімі:

– Байқауға қатысатын шығармаларды қабылдау 2024 жылы 15 қазан күні тоқтатылады;  
– Қабылданған шығармалардың ішінен іріктеліп шыққан жеңімпаздар Арал қаласына қорытынды кешке шақырылады. (Өтетін орны мен уақыты қосымша хабарланады);  
– Іріктелген шығармалар ішіндегі ең үздіктері тәуелсіз қазылар бөлімімен анықталады;  
– Үздік деп танылған шығармалар БАҚ-қа жарияланады.

### 4. Байқаудың қазылар алқасы:

– Қазылар алқасы қазақ прозасында өзіндік орны бар қаламгерлерден құралады;  
– Олар байқауға түскен шығармаларды саралап, ең үздіктерін анықтайды;  
– Анықталған шығармалардың жеңген орнын көрсетіп, ұйымдастырушыларға ұсынады;  
– Ұйымдастырушылар бәйге жүлделерін үйлестіреді.

### 5. Байқау бәйгесі:

– Бас бәйге – 300 мың теңге;  
– Бірінші орын – 200 мың теңге;  
– Екінші орын – 150 мың теңге;  
– Үшінші орын – 100 мың теңге;  
– Ынталандыру – 10 адамға 20 мың теңгеден беріледі.

Байқауға түскен шығармалардың сапасына қарай қазылар алқасының ұсынысымен және ұйымдастырушылардың мақұлдауымен бәйгелер саны өзгеруі мүмкін.

6. Байқау жеңімпаздарын маарапаттау Арал қаласында өтеді.

Ұйымдастыру комиссиясы



арқылы 40 студент Кореядан келген профессорлардан білім алып, ағылшын мен корей тілін жетік меңгерді. Оның ішінде биыл 4 студентіміз екінші курста Белгиядағы жасанды интеллект институтына оқуға кетті. Ал биылғы білім алушыларға 100 грант жарияланды. Алайда өзге өңірден келген жастар саны көп болуына байланысты олардың ішінен ағылшын тілі жоғары деңгейдегі студенттерді сараптадық. Осылайша 100 грант бойынша студенттер білім алуға. Алдағы уақытта осы студенттердің ең үздігі ғана Кореяда білім алып, қос диплом бағдарламасы бойынша университет пен SEOULTECH институтының дипломын ала алады. Ал келер жылы ашылатын архитектор мен менеджмент мамандығы бойынша білім алатын жастар міндетті түрде Кореяға барып білім алуы керек. Егер олардың ішінде SEOULTECH-тің шартына сәйкес келмей, тіл біліктігі төмен болатын болса, оқудан шығарылады – дейді Нұрлан Құлмырзаев.

студенттерге қолайлы жағдайда жасалған. Тіпті соңғы үлгідегі компьютерлерде әкелінген, түрлі зертхана бөлмелері де бар. Соның бірі – инженерлік-бейімділік зертханасы. Зертхана бүгінде әлемдік деңгейде зерттеулер жүргізіп, Ұлыбритания, Оксфорд университеті, Нидерландияның Нейрофласт орталығында, Португалияның университеттерінде сынақтан өткізіп, оң нәтиже алуға.

– Инженерлік-бейімділік зертханасында ғылымды дамытуда бірқатар ғылыми жобалар жүзеге асуда. Мәселен биыл ҚР ғылым және жоғарғы білім министрлігінің қаржыландыруымен 5 жоба ұтып алдық. Олар медициналық химия, химиялық, синтетикалық және экология салаларына бағытталған. Жоба туралы ашып айтатын болсақ, синтетикалық органикалық синтез жүргізу арқылы жаңа биологиялық белсенді заттарды алу. Бұл – әртүрлі ісік ауруларын емдеуге қолданылатын заттар. Негізі химиялық емдеуде адамның шашы түсіп, түрлі кері әсерін тигізеді. Ал біздің бағытымыз

## ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментіне – 25 жыл

Биыл Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментіне 25 жыл. Отанға мінсіз қызмет етіп, әскери құрылымның қалыптасуы мен өркендеуінде, департаменттің әр әскери қызметшісінің қосқан үлесі зор. Қиын-қыстау кезеңде түпкі тамырынан көз жазып қалмай, табандылық таныта білді. Теңізді өлкеден бастап Жаңақорған жеріне дейінгі шекара шебі Қызылорда облысына тиесілі. Ұзындығы – 745 шақырымнан астам құмды әрі шөлейтті өлке. Мұндай жерді кірпік қақпай күзету тек қайсар шекарашыларға ғана тән. Уақытқа сәл шегініс жасасак, жиырма жылдан асқан әскери құрылымның ел тыныштығы үшін маңызы зор.

## Отанның берік қалқаны

Қызылорда облысында бұрын соңды болмаған әскери жасақтың құрылуында алғашқы кезеңде қиындықтар кездескен. Алайда сол жылдары бөлім командирі лауазымын атқарған полковник Александр Александрович Красюков, облыс, қала, аудан әкімдерімен тығыз байланыс орнатып, жаңадан құрылған

жарамсыздығы, қазандықтың істен шығуы қауіпті жағдайда болған. Офицерлер құрамының отбасыларына тұрғын үй ретінде шекара отрядынан едәуір қашықтықта орналасқан Шанхай шағын ауданындағы балабақша ғимараты берілген. Бұдан бөлек мәселелер де бөлімнің жұмысына өз кедергісін келтірген.

шакты офицерлер, прапорщиктер мен сарбаздар келеді. МТЛБ, ЖМП бар эшелон, жылжымалы байланыс торабы, сондай-ақ қару мен ок-дәрілері бар 50 автокөліктен тұратын колонна жеткізіледі. Жасақ ғимараты толық жабдықталғаннан кейін жеке құрамның жұмысы қыза түседі. Әскери бөлімді айқындау үшін ту ілінген. Қалада мұндай ғимараттың бой түзеуі маңызды тарихи оқиға болған. Осылай түйткілді мәселелер шешімін таба бастады. Жаңа жыл мейрамы қарсаңында бөлімшенің қазандығы іске қосылып, жылу берілді. Шекара отрядының бірінші мерей тойына орай әскери оркестр, дала оқу-жаттығу орталығы, шекара бекеттері мен заставалары сынды толыққанды әскери бөлім құрылды. Шекара қызметінің құрылуымен заң бұзушылықтар жойылды. Контрабанда тоқтатылды.

Ал 2020 жылдың 26 наурызында ҚР ҰҚК ШҚ «Оңтүстік» Өңірлік басқармасына қарасты 2019 әскери бөлімі, ҚР ҰҚК ШҚ Қызылорда облысы бойынша департаменті мәртебесі берілді.



жасақ енесін тіктеді. Келелі істерді жүзеге асырарлық толыққанды әскери бөлімге айналды. Әскери бөлімді құру үшін әрі аумақты зерделеу және қабылдау мақсатында 1999 жылдың қыркүйек айында Қызылорда қаласына құрамында бөлім командирі, барлау бастығы сынды бірқатар лауазымды тұлғалардан құралған бір топ офицерлер келген. Олар жұмыс барысында облыс әкімімен кездесіп, әскери бөлімнің орналасар жері, ғимараттар мен үй-жайларды бөлу туралы мәселені талқылаған. Ұсыныс ретінде бірнеше нысан қарастырылды. Өкінішке қарай олардың барлығы өте нашар жағдайда болған. Ал қазіргі департамент ғимаратының өзеге жақын орналасуы, қалаға кіру және шығу жолдарының тиімділігі тактикалық тұрғыдан ұтымды болды. Алайда кейінірек орналасқан ғимараттың кемшіліктері анықталады. Қоршаусыз тұрған ғимарат аумағынан емін-еркін өткен тұрғындар, ескі техниканың шеберханалары автопарк пен қоймаларға бейімделуі, су құбырының коммуникацияларының



Десе де алдын ала барлау жұмыстарын жүргізу, аталған мәселені шешу жолындағы ұтымды әрекеттер өз нәтижесін берді. Осылайша қалада шекара отряды мен бөлімшелер құрыла бастады. Сол жылдың қазан айында елдің шығыс аймағынан 150

Шекара – мемлекеттіліктің маңызды атрибуты, кез-келген елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің алғашқы шегі, мызғымас тірегі, Тәуелсіздігіміздің кепілі. Мемлекеттік шекараны мінсіз күзету мақсатында кадрлық құрамды нығайту, заманауи арнайы техникалық құралдармен жабдықтау, шекара бөлімшелеріндегі жеке құрамның қолайлы тұрмыстық жағдайларын жасау мен жақсарту сияқты кешенді шаралар біртіндеп жүзеге асырылуда. Мемлекеттік шекараны күзетуді ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері қайта қарастырылып, жедел әдіс қызметіндегі жаңа форматтыңа ауыстырылды.

**Әкімжан ТӨЛЕБАЙ,**  
ҚР ҰҚК Шекара қызметі  
Қызылорда облысы бойынша  
департаментінің әскери журналисі



## ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАР САЛАСЫ ҚАНДАЙ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ?

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті заңды тұлғаларға қандай қызмет көрсетеді? Әрине, мекеменің атқаратын функционалдық міндеттері жетерлік. Соның ішінде көрсетілетін 4 мемлекеттік қызмет түріне тоқталып өтуге болады.

Біріншіден, энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметіне лицензия беру жатады. Одан соң егер мәміле жасалатын мүліктің ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста ескерілген баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 пайызынан асатын болса, табиғи монополия субъектісінің мүлкіне қатысты өзге мәмілелер жасауға келісім беру де – мекеме құзырындағы іс. Сонымен қатар, табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыруға және таратуға келісім беру мен мемлекеттік тіркеліме табиғи монополиялар субъектілерін енгізу және одан шығару мекеме көрсететін мемлекеттік төрт қызметтің қатарына кіреді.

Департамент жоғарыда аталған мемлекеттік қызметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы №73 бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидалары және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 5 мау-

сымдағы №47 бұйрығымен бекітілген «Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметіне лицензия беру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары негізінде көрсетеді. Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметтерді алу үшін қолайлы жағдай жасауға, олардың барлық қызмет алушыларға қол жетімді болуына барлық мүмкіндік қарастырылған.

Департаментпен барлық мемлекеттік қызметтер тек электронды түрде көрсетіледі. Табиғи монополияларды реттеу саласындағы көрсетілген қызметтерді алу үшін көрсетілетін қызметті алушы [www.egov.kz](http://www.egov.kz) «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы құжаттарды қоса тіркей отырып өтініш жіберуі керек.

Сонымен қатар, көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (арекетсіздігіне) шағымды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші, табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беруге болады.

**Бағия САРСЕНБАЕВА,**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігі

Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің бас маманы



Шекара қызметінің еліміздің қауіпсіздігін сақтауда орны ерекше. Бүгінде ел іргесі батыл да ержүрек сарбаздардың арқасында күні-түні қырағы бақылауда. Биыл шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментіне – 25 жыл. Осы орайда «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігі Қызылорда облысы бойынша филиалының төрағасы Асан Худояровпен әңгімелескен едік.

**Асан ХУДОЯРОВ,**  
«Застава тарландары» Республикалық  
қоғамдық бірлестігі Қызылорда облысы  
бойынша филиалының төрағасы:

## ШИРЕК ҒАСЫРЫМ ЕЛІМІЗДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ТҮТАСТЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖОЛЫНДА ӨТТІ

– Биыл қызылордалық шекарашылар үшін айтулы жыл болмақ. Аймақтағы шекара қызметінің 25 жылдығы құтты болсын.

– Рахмет! ҚР ҰҚК Төрағасының 1999 жылы 15 қыркүйектегі бұйрығына сәйкес, еліміздің оңтүстік бағыттағы мемлекеттік шекарасын нығайту мақсатында және ҰҚК Шекара қызметінің

қабылдады. Туған жерге қызмет ету, оның шекарасын қорғау – кәсіби шеберлікті ғана емес, шексіз адалдықты да қажет ететін іс. Жылдар өткенімен сол күндердің жарқын естеліктері мәнді болып қала береді. Қазір құрметті әйкек демалыста болғандықтан мен қызметінің әрбір сәтін мақтанышпен еске аламын. Оркестр әуені әлі

өнерінде биік белестерді бағындыруға шабыттандырып, үлгі болып қала береді.

– «Застава тарландары» бірлестігінің қызметі туралы тоқталсаңыз.

– Даласы тарихпен біте қайнасып жатқан Қызылорда облысының төсінде намыс пен ерлікті танытатын бірегей патриоттық бірлестік бой көтерді. 2022 жылы мамыр айында аймағымызда



даму бағдарламасына сай аймақтағы департамент құрылды. Сол жылдан бастап Әзбекстанмен арадағы шекараны нығайту, елдің саяси және экономикалық мүдделерін қорғау, зансыз көшіп-қонудың алдын алу, елімізге қару-жарақ, ок-дәрі, есірткі мен радиоактивті заттарды зансыз кіргізбеу міндеттерін мінсіз атқарып келеді. Ширек ғасырда осынау шекара шебіндегі қайсар шақырлар еліміздің қауіпсіздігі мен тұтастығын қамтамасыз ету жолында аянбай қызмет етіп келеді. Ұлттық мүддені қорғауда шекарашылар алдыңғы шепте тұрып, қауіп-қатерге қарсы тұрады. Шекара қызметі – жай ғана қызмет емес, ол жанкештілікті, батылдықты, жоғары кәсібилікті талап етеді. Қазіргі уақытта мемлекетіміздің шекарасын қорғауда шекара бөлімшелерінің барлығы жаңа модульдік типтегі ғимараттармен салынды. Бөлімшенің шалғайлығын білдірмей, шекарашылар тұрмыстық жағдайының барлығы жасалынған. Бұл ең бірінші кезекте мемлекеттік шекарамызды күзету мен қорғаудағы тапсырмаларды сенімді түрде атқаруға ықпалын тигізеді. Олардың жауынгерлік әзірліктерінің деңгейі ұлғаяды.

– Өзіңіз әскери қызметке қалай келдіңіз?  
– Шекарашы болу – асқан жауапкершілікті талап ететін қызмет түрі. Ширек ғасырдан астам өмірім Отан игілігі жолында еліміздің қауіпсіздігі мен тұтастығын қамтамасыз ету жолында өтті. Шекара әскерінде өткен әрбір күн мән-мағына мен мақсатқа толы болды. Шекара әскери бөлімнің оркестрі пайда болған 1999 жыл есімде. Сол күндері жиналған әскери оркестрге қажетті аспаптар, ноталар жалпы парад керемет оту үшін қажет нәрсенің бәрі болды. Әскери оркестр ашықсы келген полковник Нечетиннің ынта-жігері бәрімізді шабыттандырды. Мен оркестрге жетекшілік ете отырып, ойланған әрбір нота үшін үлкен жауапкершілік пен мақтанышты сезіндім. Пардадағы өнеріміз жай ғана музыкалық сүйемелдеу емес, мерекенің сәнін кіргізді. Шеруден кейін шекара қызметінде қалу туралы ұсыныс түсті. Шекарада қызмет ету жай жұмыс емес, абыройлы қызмет болғандықтан, мен ойланбастан

күнге дейін құлағымда сыңғырлап, қасымда нық тіресіп тұрғандарды еске түсіреді. Оркестр іргетасын Бауыржан Тақаяв, Бақытжан Салманов, Қайрат Молдағалиев, Қайрат Құлманқалиев, Ниясхан Әлсентов, Бақытжан Әбішев, Бауыржан Ибраев, Сансызбай Сұлтанғалиев, Болат Мекебаев және Владимир Таркуляк қалап, кейінірек шекара қызметінде абыройлы қызмет атқарды. Шекара әскерлеріндегі қызмет тек шекараны қорғау ғана емес, ол еліміздің тарихын, мәдениетін және болашағын қорғау болып табылады. Ар-намыстың, борыштың, туған жерге деген сүйіспеншіліктің айнымас нышаны болған қызмет жүрегіме мәңгі қалады.

– Әскери оркестр жайлы толығырақ тоқталсаңыз, сол кездері әскери оркестрдің жетістіктері қандай болды?

– 1999 жылы әскери оркестр құрылғаннан бері оның мүшелері көптеген шерулер мен әскери іс-шаралардың көрігіне айналды. 2003 жылы оркестр алғаш рет «Қасиетті шекара күзетінде» байқауына қатысып, үшінші орынды жеңіп алды. Бір жылдық қарқынды дайындықтан соң 2004 және 2005 жылдары екінші орын иеленді. 2005 жылы өткен байқауда оркестрдің таланты мен табандылығының арқасында, Ескендір Хасанғалиевтің қолынан бірінші орын иеленді. «Жас ұлан» сайыстары да өнерімізді көрсету алаңына айналдып, жүлделі орындарға ие болдық. 2006 жылдан бастап оркестр бірнеше жыл қатарынан бірінші орынды иеленді. 2007 жылы барлық республикалық жарыстарда басымдық танытып, жүлделі I орындарды иеленді. Жарқын қатысушылардың бірі Толқын Ізімбетова 2007 жылы Мәскеуде өткен «Шекара әндері байқауында» патриоттық тақырыпта эстрадалық ән салғаны үшін Гран-при иегері атанды. Бұл жетістіктер оркестр мүшелерінің кәсіби шеберлігінің жоғары деңгейін көрсетіп қана қоймай, сол кездердегі оркестрдің әрбір қойылымы музыка арқылы патриоттық сезімін оятып, өз еліне деген мақтаныш сезімін оята алды. Оркестр мәдени мұра мен әскери дәстүрге үлес қосып, жоғары өнер мен патриотизмнің символына айналды. Бұл олардың жарыстардағы жетістігі олардың мызғымас рухы мен үнемі жақсылыққа ұмтылуының дәлелі. Оркестр жас музыканттарды музыка

«Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігінің филиалы ашылды. 2022 жылдан бастап шекара қызметінің құрметті ардагерлері тарихты сақтау және отан игілігі үшін адал қызмет еткендерге қолдау көрсету мақсатында қызметін бастады. Бастапқыда мүшелер саны жиырмадан аспағанымен, олардың әрқайсысы жастармен тәжірибесімен бөлісуге дайын болды. Мен бірлестіктің төрағасы болып сайландым. Бұл мен үшін үлкен мәртебе әрі жауапкершілік болды. Жыл сайын бірлестік тарапынан жастар арасында кездесулер өткізіліп, іс-шаралар ұйымдастырамыз. Сондай-ақ болашақ ұрпаққа шекара қызметіндегі тәжірибемізбен бөлісіп, жастарға насихат жүргіземіз.

– Шекарашыларды оқыту және қызметке қабылдау қандай жаңашылдық бар? Сарбаздар неше жастан бастап қызметке алынады?

– Шекара әскерлерінің қатарына қосылу – мемлекетіміздің шекарасын қорғауға, оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жасалған абыройлы қадам. Үміткерлер тиісті құжаттардан бөлек физикалық сынақтардан өтуі қажет. Қазіргі уақытта әскери борышын өтеп келген сарбаздарды келісімшарт негізінде жұмысқа орналастырамыз. Ал жоғары білімі бар, әскери кафедраны тәмамдаған азаматтарды қызметке қабылдаймыз. Елімізде шекарашыларды дайындайтын оқу орындары бар. Ол – Алматы қаласындағы Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясы. Сонда төрт жыл оқып, шекара бөлімшелеріне қабылданады. Оқу орны ұлттық бірыңғай тестілеуден өтіп, 11 сыныпты аяқтаған 17-18 жастағы азаматтарды қабылдайды. Шекара қорғауға ниеттенген әрбір жігіт оқуды тәмамдап қызметке түсе алады. Шекара қызметіне қосылу – жастардың туған жерге деген адалдығы және қызмет ету мен қорғауды талап ететін жол. Біз осы жолды таңдаған, маңызды миссияға барын салуға дайын жастарды шекара қызметінің қатарына қабылдауды қуаныштымыз.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Әңгімелескен  
СФИА ХАЙРУЛЛАҚЫЗЫ

Басы 1-бетте



Қоғамда экология тақырыбы әлі де өзекті. Бұл ретте қыруар еңбек керек. Үйлген қоқыстың ортасында отырып, ахуал тұрақты деу қиын. Әлбетте, бұл тұрғыда өңірде өзекті мәселелер көп. Салада арнайы «Жол картасы» әзірленіп, жолға қойылған жүйелі жұмыс істелуде. Осы бағытта Қызылорда облысы бойынша экология департаменті басшысы орынбасарының міндетін атқарушы Алмас Бисқақовпен сұхбаттасқан едік.

**Алмас БИСКАҚОВ,**  
**Қызылорда облысы бойынша**  
**экология департаменті басшысы орынбасарының міндетін атқарушы:**

# ЖОЛ КАРТАСЫ – ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТЫҢ ЖОСПАРЫ

– Алмас Илиясұлы, Қызылорда облысының экологиялық ахуалын шешу мақсатында арнайы «Жол картасы» әзірленгенін білеміз. Қазір қай деңгейде орындалып жатыр?

– Қызылорда облысының экологиялық мәселелерін кешенді шешу жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған Жол картасының орындалуы көңіл қуантарлықтай. Түрлі түйткілдерді шешуге атсалысып келеміз. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, «Экология тақырыбының арқайсымыздың күнделікті тыныс-тіршілігімізде ерекше орын алатын бұл саланың айрықша маңыздылығын ескере отырып, 2020 жылы экологиялық мәселелерді кешенді шешу жөніндегі Жол картасы бекітілді. Жол картасында орындалу мерзімдері де белгіленген. Қазіргі таңда 52 іс-шараның бүгінгі күні 16 іс-шарасы орындалды. Ал қалған бағыт өз ерекшеліктеріне сәйкес кезең-кезеңімен жүзеге асуда.

Аталған құжатта тұрақты көздерден атмосфераға ластанушы заттар эмиссиясын қысқарту, жылжымалы көздерден атмосфералық ауаға ластанушы заттардың шығарындарын азайту, қалдықтарды басқару, жасыл белдеуді дамыту, көгалдандыру және көркейтуді қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг және өзге де мәселелер қамтылған.

– Әрине, мұның барлығы құтарлық іс. Дегенмен, арнайы бекітілген заңнама да бар. Жергілікті деңгейде қай әрекетіне қарап тұрып, қарнын ашатын тұстар бар. Заңбұзушылықтармен қалай күресіп жүрсіздер?

– Экологиялық талаптарды сақтау – адамзат баласының ортақ міндеті. Парызы десек те болады. Табиғат-Ананы аялау, экологиялық ахуалды сақтау күн тәртібінде тұр. Қызылорда облысы бойынша экология департаментімен есепті кезеңде табиғат қорғау іс-шараларының орындалуына, қоршаған ортаға эмиссияларды төмендетуге, табиғат пайдаланушылардың қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру және Қазақстан Республикасының Экологиялық заңнамасын бұзу деректерінің алдын-алуға ерекше ден қойылды. Жыл басынан бері қоршаған ортаны қорғау саласында 23 нысанға бақылау шаралары ұйымдастырылды. Оның ішінде 12 бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау, 10 жоспардан тыс және 1 талаптарға сәйкестік тұрғысынан тексеру бар. Нәтижесінде, экологиялық заңнама талаптарын бұзған 47 факт анықталып, әкімшілік құқық бұзушылық жөнінде іс қозғалды. Заңдылықты бұзушылыққа жол берген жеке және заңды тұлғаларға 539,7 млн теңге көлемінде 22 айыппұл салынды. Оның 8,6 млн теңгеге жететін 18 әкімшілік айыппұл өндірілсе, сот шешімімен екі нысанның қызметі уақытша тоқтатылды.

Сондай-ақ, облыс көлемінде заңсыз қарьерлерді анықтау, зерттеп-қарау, мониторинг жұмыстарын жүргізу, олар бойынша тиісті шараларды қабылдау үшін құқық қорғау және мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен бірнеше мәрте бірлескен рейд жүргізілді.

Жоғарыда айтып өткендей, қалдықтар мәселесі өзекті болып отыр. Өкінішке орай, тұрғындар арасында белгіленбеген орындарға қоқыстарды бей-ерекет тастап кету, төгу секілді әрекеттерге жол беруде. Бұл бағытта «Қазақстан Ғарыш сапары» АҚ жүзеге асырған ғарыштық мониторинг нәтижесінде Қызылорда облысында 98 рұқсатсыз қалдық орны анықталып, оның 56-сы тазартылып, қалған 42 заңсыз қалдықтар орын тазарту, бүлінген жерлерді қайта қалпына келтіру бойынша тиісті шаралар атқарылуда.

Сонымен қатар, департамент «Байқоңыр» кешенінде мемлекеттік экологиялық бақылау жүргізіп келеді. Бақылау Ресей Федерациясының Үкіметімен «Байқоңыр» кешенінің аумағындағы қоршаған ортаны қорғау мәселелері туралы келісім құжаттары, олардан туындайтын хаттамалар мен ережелер негізінде жүзеге асырылады.

Әлеуметтік желіні аша қалсаңыз, тұрғындардың ассенизаторларға деген өкпе-ренішін байқайсыз. Бір үйдің лас суын тартып алып, орталықтандырылған кәріз жүйесіне төгіп жүреді. Тіпті, балабақша, тұрғын үй демейді, қолқаны қабатын сасық иісті айнала таратып, «қолыңнан келгенін істе» дейтіндер көбейді. Бұл ретте Қызылорда облысы бойынша экология департаменті Қызылорда қаласының тұрғындарынан белгіленбеген жерлерге кәріз су төгу деректері бойынша артық-шағымдар да көптеп барып жатқан көрінеді.

## АЙЛАСЫН АСЫРҒАН АССЕНИЗАТОР КӨП



– Кәріз суын кез-келген орынға төгіп, қоршаған ортаны ластану дерегі азаймай отыр. Мұрын жаратын жағымсыз иіс адаммен адамға, содан соң тамылжыған табиғатқа зардабын тигізіп жатыр.

– Сөзіңіздің жаны бар. Қоқыс тастау мәдениеті бізде әлі де болса кенжелеп тұр. Осыдан он жыл бұрынғы мәдениет сол деңгейде тәрізді. Баяғы жартақ, сол жартақ. Тіпті заң бұзушылықтың жаңа түрі – кәріз суын жеке сектордан алып, орталық кәріз жүйесіне төгіп жүрген ассенизаторлар туралы әлеуметтік желіде әңгіме желдей есіп жүр. Кейде тұрғындардың жаға ұстасқан төбелесі де мәселенің ушыққанын көрсететін сияқты...

Осы бағытта мүдделі және құқық қорғау органдарымен бірлескен Қызылорда қаласы аумағында заңсыз кәріз суларды төтуге жол бермеу бойынша 2024 жылға арналған іс-шара жоспары бекітілді. Аталған іс-шара аясында тұрақты түрде қала аумағында ассенизатор автокөліктерінің заңсыз кәріз суларын төгу деректерін тоқтату мақсатында рейд жүргізіліп келеміз. Осындай кәріз суын белгіленбеген орындарға төгіп, ластанған 8 тұлғаға полиция органдарымен айыппұл салынды.

– Заң бұзушылықты азайтып, халықты тәрбиелеуге әкімшілік хаттама қауқарлы деп ойлайсыз ба?

– Әрине, хаттама толтырып, қалтасын жұқартқанмен, оның арғы жағында жауапкершілік деген үлкен ұғым оның бойында болу керек. Айналаны ластан жүретін адамдардың өзінің жан дүниесі көркем деп айта алмас едім. Екі көршінің оқиғасы есіңізде болар. Бір адам үнемі көршісінің ауласына қоқыс тастай береді екен. Көршісі ол қоқысты үнсіз алып, айналаны жинап, таза ұстайды. Бір күні оған көкөніс толы себет апарып беріпті де түк түсінебеген көршісіне: «Әркім өзінде барын береді» деген екен. Иә, жан дүниенің қандай болса, әрекетіңіз де сондай болмақ...

– Жоғарыда зерттеу, тексерілгеннен кейін айыппұл салынған нысандарды айтып өттіңіз. Департаменттің зертханасының деңгейі қаншалықты? Талапқа сай тексеріс жүргізе алатын шамасы бар ма?

– Әрине, құрал-сайман мен керек-жарақ көп маңызды не. Экологиялық заң талаптарын бақылау жұмыстары сынақ зертханасымен қамтамасыз етілген. Департамент 2024 жылдың I жартыжылдығында барлығы 12 субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылау, 4 жоспардан тыс тексеру және Байқоңыр кешені бойынша 6 нысанға зертханалық-талдамалы бақылау жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, Департаментпен қосымша 44 объектіге мониторингтік бақылау жүзеге асырылды. Егер өзімізде осындай мүмкіндіктер болмаса, біз мұндай тексерістерді жүргізе де алмас едік.

Осы зертханамыздың арқасында біз «Қызылорда облысы бойынша қоршаған ортаны сауықтыру жөніндегі кешенді іс-шаралар жоспарына» сәйкес «Таза ауа» іс-шарасы аясында 109 автокөлікке зертханалық бақылау жүргізілді. Осы іс-шараның нәтижесінде ластанушы заттардың белгіленген нормативтерден асып кеткен 6 автокөліктің иелеріне полиция департаментімен шаралар көрілді.

Департаменттің зертханалық-талдамалы бақылау жұмыстары барысында I және II санаттағы объект операторлары тарапынан тапсырылған өндірістік экологиялық бақылау есептеріне талдау жұмыстары тоқсан сайын жүргізіліп отырады. Сонымен қатар биыл есеп тапсырмаған және уақытынан кеш тапсырған субъектілер бойынша прокуратура органдарымен бірлесіп 11 субъектіге ҚР ӘКБТК-нің 325-бабымен әкімшілік іс қозғалып барлығы 1,4 млн теңге айыппұл салынды.

Экологиялық кодекстің талаптарына сәйкес, I санаттағы объектілерге қатысты қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен қоршаған ортаға эмиссиялардың автоматтандырылған мониторингін жүргізу тәртібіне сәйкес,

эмиссиялардың негізгі стационарлық көздерінде қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингін автоматтандырылған жүйесін орнатуға міндетті. Облыста қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингін автоматтандырылған жүйесін орнатуға міндетті 3 кәсіпорын бар. Олар «СКЗ-У» ЖШС, «Гежуба Шиели Цемент Компаниясы» ЖШС және «Orda Glass LTD» ЖШС. Қазіргі таңда, «Гежуба Шиели Цемент Компаниясы» ЖШС-ті «Ұлттық Деректер Банкі» ақпараттық жүйесіне деректерді негізгі режимде беруде. Ал, «СКЗ-У» ЖШС мен «Orda Glass LTD» ЖШС ақпараттық жүйеге негізгі деректерді беру бойынша «Ұлттық Ақпараттық Технологиялар» АҚ-мен жұмыстар атқаруда.

– Өңірде тазалық іс-шарасы күнделікті жүргізілуде. Тіпті, сенбі сөзін аптағын барлық күніне де тегін болды. Тақырыптың бір ұшы экологиялық ахуалға келіп тұр. Әрине, сенбілікте экологиялық жағдайды қалыптастырудың бір бағыты десек, жарасады.

– Сөзіңізбен толықтай келесімін. Мемлекет Басшысы Қ.Тоқаев былғы халыққа Жолдауында «Экологиялық ахуалды жақсарту – алдымызда тұрған негізгі міндеттің бірі. Біз қоғамда қоршаған ортаны қорғаудың мән-маңызын кенінен дәріптеуіміз керек» деген еді. Сонымен қатар, «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы жүріп жатыр. Бұл – тұтас халықты ұйыстырған берекелі бастама екенін де атап өтті.

Биыл қоршаған ортаны қорғау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында облыс көлемінде үкіметтік емес ұйымдардың, мемлекеттік органдардың, қоғамның өкілдерінің, жергілікті тұрғындардың, сондай-ақ экобизнесілер мен волонтерлердің қатысуымен «Таза Қазақстан» және электр энергиясын үнемдеу мақсатында халықаралық «Жер сағаты» республикалық экологиялық акциялары өткізілді. «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында ұйымдастырылатын облыстық іс-шаралар жоспары облыс әкімімен бекітілді. Іс-шара жоспарына сәйкес «Таза өлке», «Киелі мекен», «Жасыл аймақ», «Өнегелі ұрпақ» және «Мәдiрi бұлақ» тақырыптарында апталық шаралар ұйымдастырылды.

Облыс бойынша ұйымдастырылған сенбіліктер мен акцияларға барлығы 400 мыңнан аса адам қатысып, іс-шараларға 500-ден аса техника жұмылдырылды, 16 мың тоннадан астам қоқыс қалдықтары шығарылды. Бүгінгі күнге 129 358 лана ағаш көшеті егілді.

Апта сайынғы негізде Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктерімен бірлесіп мемлекеттік мекемелер ұжымдары, еріктілер мен волонтерлердің қатысуымен сенбілік жұмыстары атқарылуда.

– Рахмет.

Сұхбаттасқан  
Дәулет  
ҚЫРДАН

## КӨРІНГЕН ЖЕРДІ ШАШПАҢЫЗ, ҚОҚЫС ЖЕРДІ БАСПАҢЫЗ

Көшеде үстіне арнайы киім киіп, қоқыс теріп жүрген әкеміз немесе анаміз жасы шамалас кісілерді көргенде қолыңдағы қоқысты еріксіз қалғана саласын. Сөйтесіз де алдынан келесінен бірінші қоқыс жәшігіне саласын. Бірақ көзді ала бере көшеге тастай салатындар көп кездеседі. Ол ол ма, көлікпен келіп аударып кететіндер де көптеп кездеседі. Шет аймақтың кей бөлшектерінде осындай оқиғалар орын алады. Бұл – экологияға қасақана жасалған қастандық. Мына ғаламды ортақ үй деп түсінетіндер сирек. Сондықтан мұндай тәртіпке бас имедердегі жазға ғана жөнге қоя алатын тәртізді. «Аюға намаз үйреткен таяқ» деп бекер айтылмаса керек.



Өңірде «Қызылорда тазалығы» мекемесі қаланың тазалығымен айналысып, ретсіз қалыптасқан қоқыс орындарымен күресіп келе жатқанына да он жылдан асты. Бұл істе облыс бойынша экология департаменті де білек сыбана кіріскен.

– Облыс аумағында 2023 жылы жүргізілген ғарыштық мониторинг нәтижесінде 74 рұқсатсыз қалдықтар орны анықталып, жергілікті атқарушы органдармен 2 ай мерзімде жойылды. Ал 2024 жылдың маусым айында жүргізілген ғарыштық мониторинг нәтижесінде Қызылорда облысының аумағында 44 рұқсатсыз қалдықтар орны анықталды. Әрине, жыл сайын жойғанымызбен, бұл орындар қайта пайда болып жатыр. Мұндай жағдаймен күрес біздің тарапымыздан тұрақты жүргізіледі, – дейді мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімінің бас маманы Алишер Шамкенов.

Тамыз айының басында да тап-тұйынақтай бола қойған жоқ. Мәселен, 5 тамызда түсірілген ғарыштық мониторинг нәтижесімен Қызылорда облысының аумағында қосымша 54 рұқсатсыз қалдық орны анықталып, жоғарыда біз айтқан сан 98-ге жетті.

– Біз барлық 54 заңсыз қалдықтар орнын анықтау жұмыстарын толығымен жүргізіп, тиісті жергілікті атқарушы органдарға қалдық орындарын жою жөнінде хат жолдалдық. Бүгінде анықталған 98 заңсыз қалдықтар орындарының 81-ін жергілікті атқарушы органдары жойса, қалған 17-сін тазарту, бүлінген жерлерді қайта қалпына келтіру бойынша тиісті шаралар атқарылуда. Департамент тарапынан анықталған рұқсатсыз қалдықтар орнын жою бойынша тиісті жергілікті атқарушы органдармен тығыз байланыс орнатылған, – дейді бас маман.

Сондай-ақ, департамент қызметкерлері облыс аумағындағы заңсыз қалдық орындарын анықтау және алдын алу мақсатында тұрақты түрде жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдерімен рейд ұйымдастыруда. Айтпақшы, бұл бағыттағы нәтижемен Қызылорда республикада көш бастап тұр.

Меншік иесі:



Бас директор  
**Марат АРАЛБАЕВ**  
Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы  
Бас редактор  
**Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА**

Телефондар:  
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі: №17657-Г.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.  
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдарды пікір редакция қозғарымымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығын авторын, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68  
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.  
Таралымы 3514 Тапсырыс №1442

Немірдің кезекші редакторы Айлана СЕЙІЛ